

Qazaqstan
halqyna

**2022 ЖЫЛҒЫ «БАНК «BANK RBK» АҚ-ДА
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ
ҚОРЫНЫҢ ДОНОРЛАР ПУЛЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ҚАРАЖАТТЫҢ
МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**



Бұл есеп жеке банктің бөлінісінде дайындалды, өйткені донорлар аударған қаражатты мақсатты пайдалану әрбір донор үшін жеке ұсыну мүмкін емес. Алайда, Қор донорлардың қаражаты аударылатын банктердің әрқайсысы бойынша донорлардың қаражатын мақсатты пайдалану бойынша есеп жүргізеді. Қаражатты қандай да бір банкке аударған донорлардың әрқайсысы Қордың барлық қайырымдылық бастамаларын қаржыландыруға тең дәрежеде қатысады деп болжанады




2022 ЖЫЛЫ ТҮСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫНАН - 131 786 022 269,67 ТЕҢГЕ
МӨЛШЕРІНДЕ 21,32% ҚОРДЫҢ «BANK RBK» БАНКІ» АҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ
ШОТЫНА АУДАРЫЛДЫ 28 100 000 000 теңге



2022 жылы ірі донорлардан түсетін түсімдер, теңге



2022 ЖЫЛЫ ТҮСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫНАН - 131 786 022 269,67 ТЕҢГЕ
МӨЛШЕРІНДЕ 21,32% ҚОРДЫҢ «BANK RBK» БАНКІ» АҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ
ШОТЫНА АУДАРЫЛДЫ 28 100 000 000 теңге



Қордың басқа банктердегі шоттарына түсімдер **103 686 022 269,67** теңге

01.01.23ж. «BANK RBK» БАНКІ» АҚ-дағы қаражат қалдығы **27 835 492 280** теңге



Qazaqstan
halqyna

264 507 720 тенге

2022 ЖЫЛЫ «BANK RBK» БАНКІ» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
(93 507 720 теңге; 35,35%)

Орфандық аурулар бойынша дәрілік заттарды сатып алу – 93 507 720 теңге

ТЖ КЕЗІНДЕ ХАЛЫҚҚА КӨМЕК КӨРСЕТУ
(171 000 000 теңге; 64,65%)

Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету – 171 000 000 теңге

№	Қайырымдылық бағдарламаның атауы	2022ж. «BANK RBK» БАНКІ» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «BANK RBK» БАНКІ» есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	Жалпы құны, теңге	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «BANK RBK» БАНКІ» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
1	Орфандық аурулар бойынша дәрілік заттарды сатып алу	93 507 720	35,35	30 000 000 000	0,31
2	Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету	171 000 000	64,65	2 118 000 000	8,07
	БАРЛЫҒЫ	264 507 720	100	32 118 000 000	



ОРФАНДЫҚ АУРУЛАР БОЙЫНША ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ САТЫП АЛУ

Осы қайырымдылық бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сирек және күрделі аурулары бар балаларды қымбат және тіркелмеген препараттармен қамтамасыз ету жүргізіледі. Өткен жылы Қор сирек және күрделі аурулары бар барлығы 130 пациентті дәрілік заттармен қамтамасыз етті, оның ішінде 118 пациентте орфандық аурулары бар, оның ішінде 100 бала.

2022 жылғы 27 және 28 желтоқсан кезеңінде келесі препараттар үшін толық төлем есебіне 93 507 720 теңге аударылды:

1. Қарағанды облысынан 5 пациентке арналған эпилепсияға қарсы Осполот (Сультиам) препараты.
2. Китруда (Пембразализумаб) (ХПА, концентраты 25 мг/мл, 4 мл.), 56 флакон, Астана қаласынан онкологиялық ауруы бар 2 пациентке арналған ісікке қарсы дәрілік зат.

Бағдарламаның жалпы құны 30 000 000 000 теңге болғанда 2022 жылы жалпы құнның 0,31%-ы және Қордың есеп айырысу шотынан «Bank RBK» БАНКІ» АҚ-ға аударымдардың 35,35%-ы іске асырылды.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «BANK RBK» БАНКІ» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «BANK RBK» БАНКІ» есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «BANK RBK» БАНКІ» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
30 000 000 000	93 507 720	35,35%	0,31%



ҚАҢТАР ОҚИҒАЛАРЫ КЕЗІНДЕ ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ

2022 жыл ішінде Қор Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасынан қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендердің тізімі (Бас прокуратура Қорға сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталуына қарай зардап шеккендердің тізімін беріп отырды), қаза тапқан және ауыр жараланған әскери қызметшілердің, ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің тізімдері түрінде, сондай-ақ қайтыс болған отбасыларда қалған кәмелетке толмаған балалар туралы ақпараттың түсуіне қарай қайырымдылық көмек көрсетті.

2022 жылы Қор қайғылы қаңтар оқиғалары барысында зардап шеккен 542 адамға жалпы сомасы 2 млрд 118 млн теңгеге қайырымдылық көмек көрсетті.

2022 жылғы 14-28 желтоқсан аралығында Қор «Bank RBK» БАНКІ» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде Қазақстан Республикасы жараланған азаматтарының **57** отбасына жалпы сомасы 171 000 000 теңгеге 3 000 000 теңгеден қайырымдылық көмек көрсетті, бұл осы қайырымдылық көмектің жалпы жылдық құнының 8,07%-ын құрайды.

Жалпы құны, теңге	2022ж. «BANK RBK» БАНКІ» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «BANK RBK» БАНКІ» есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «BANK RBK» БАНКІ» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
2 118 000 000	171 000 000	64,65%	8,07%